

политика. 2012. № 1 – [ЭР]. Режим доступа: [http://fmp.msu.ru/attachments/article/256/ARUTYUNOVA\\_1\\_2012.pdf](http://fmp.msu.ru/attachments/article/256/ARUTYUNOVA_1_2012.pdf)

10 Концепция национальной политики Республики Казахстан. Задачи до 2015 г. – [ЭР]. Режим доступа: <http://milli-firka.org/концепция-национальной-политики-рес/>

11 Концепция новой национальной политики Республики Казахстан на 2010 — 2020 годы – [ЭР]. Режим доступа: <https://zonakz.net/2009/09/24/концепция-новой-национальной-политики-2/>

12 Доктрина Национального Единства Казахстана – [ЭР]. Режим доступа: <http://assembly.kz/ru/doktrina-nacionalnogo-edinstva>

13 О переводе алфавита казахского языка с кириллицы на латинскую графику – [ЭР]. Режим доступа: [http://www.akorda.kz/ru/legal\\_acts/decrees/o-perevode-alfavita-kazahskogo-yazyka-s-kirillicy-na-latinskuyu-grafiku](http://www.akorda.kz/ru/legal_acts/decrees/o-perevode-alfavita-kazahskogo-yazyka-s-kirillicy-na-latinskuyu-grafiku)

14 Статья Президента «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» – [ЭР]. Режим доступа: <https://informburo.kz/stati/statya-prezidenta-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya.html>.

## ЖОҢҒАРЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫМЕН XV-XVI ғ. I ЖАРТЫСЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Сакабай Т.Қ., п.ғ.м., аға оқытушы,

Қарсыбаева Ж.А., т.ғ.к., доцент

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Қарағанды к., Қазақстан

Моңғолардың оның ішінде ойраттардың ортағасырлық тарихын екі кезеңге бөліп қарастыруға болады: Шыңғысхан империясының құрылуына дейін және құрылуынан кейін. Моңғолияның таулы аймақтары мен Сібір жерлерін мекедеген жекелеген ойрат тайпалары 1204 ж. Темучиннің билігін мойындап, оның иелегінің құрамына енген болатын. ойраттардың бұрынғы дербент-ойрат атауының орнына олар дербент-түмен-ойрат деп атала бастады. Себебі, ойраттар моңғол империясының әскерінің құрамына төрт түмен (40 мың) шығаруға міндетті болды. 13 ғасырдың басында ойраттардың жалпы санын қазіргі қалмақ ғалымдары 200 мың деп көрсетеді [1, 44 б.].

Шыңғысхан империясындағы ойрат билеушілерінің артықшылықтары болды, олардың кейбіреулері моңғолдармен некелік қатынаста болған болатын. 1204-1205 жж. Шыңғысханның наймандарды талқандаған соң, олар Дешті-Қыпшақ жерлеріне кетіп ал, ойраттар бастысқа қарай жылжып, наймандардың Алтайдағы бос қалған жерлерін мекендей бастаған болатын [2, 6 б.].

Моңғол империясы құлағаннан кейін жаңа этникалық топтар қалыптаса бастаған болатын. Моңғолияның тарих сахнасында торғауыттар, хошоуттар, дербеттер, чоростар, хойттар деп аталатын және басқа да жаңа әлеуметтік-этникалық бірлестіктер пайда болды. Олар XVI-XVII ғғ. ойрат халқының негізін құрады.

Көршілес елдерге ойратта әртүрлі атауда белгілі болды. Қытайдың тарихи шығармаларында "элеттер" (олот, элюттер) валатэ деп атаса, XVғ. мұсылман халықтары, кейін орыс жазбаларында ойрат, қалмақ атауларымен белгілі бола бастады.

Орыс қытайтанушысы В.Успенский "элют атауы бұрмаланған ойрат атауы" деп есептеген болатын [2, 11 б.]. Батыс моңғолдар атауының этимологиясы туралы мәселе талқылауды қажет ететін мәселелердің қатарына жатады. А.М. Позднеевтың пікірі бойынша "жоңғар" атауы Шыңғысханның жорықтары кезінде ойрат әскерлерінің сол қанатында болуымен байланысты деп есептейді. Себебі, "зюнгар" сөзінің моңғол тіліндегі мағынасы сол қанат дегенді білдіреді. Осыдан келіп, Жоңғария атауы шыққан деп санайды [2, 7 б.]. Орыс деректерінде бұл атау XVIII ғ. Зенгория деген атаумен кездеседі. Осылайша, "жоңғар" термині уақыт өте келе этнонимге айналып, қазіргі таңда ойрат атауымен қоса қолданылады.

Ойраттарды Тогон (1434-1438 жж.) одан кейін оның ұлы Эсен (1439-1455 жж.) билеген жылдары сыртқы саясатта белсенділігі артқан болатын. Бұл олардың шығыс-моңғол феодалдарына, Миндік Қытаймен, Моғолстанмен күресінен айқын көрінді. Н.Я. Бичуринның жазбалары бойынша Эсеннің қайтыс болуымен жоңғар-ойраттардың алғашқы қысқа да болса қуатты болған кезеңі аяқталған еді. Ол туралы былай деп жазады: "С падением Эсена ойраты не в силах были поддержать своего влияния на Монголию; они принуждены были отказаться от участия вобщих делах целого народа и ограничить круг действий своих пределами собственных владений" [3, 21-22 бб.]. Н.Я. Бичуринның, басқа да отандық және шетелдік ғалымдардың осындай пікірлеріне келіспеген И.Я. Златкин:

"шындығында олардың (ойраттардың) сыртқы саяси белсенділігінің тек бағыты ғана өзгерді" - деп көрсетеді [4,40]. Қытайдан алшақтап қол үзген, Шығысқа шығу жолында жеңіліс тапқан ойраттар батыс пен солтүстікте, Шығыс Түркістанда, Дешті-Қыпшақ даласында және Орта Азияда белсенді күшке айнала бастаған болатын. Сонымен қатар осы аумақтардағы тарихи оқиғаларға елеулі ықпал етті.

Ойраттар бірігініп оңтүстік-шығыс бағытта жылжи отырып, XV ғ. Моғолстан билеушілерімен қақтығысқан болатын. Ойраттардың Моғолстан жерлеріне алғашқы шабуылдары XIV ғ. аяғында басталса, ал, XV ғ. 20-жж. бастап жүйелі сипатқа ие болған еді [5,112]. Қытай деректері 1408 ж. ойраттар моғолдардан Бешбалықты жаулап алды деп хабарлайды [2,12 б.]. Әсіресе, Уайс ханның тұсында (1418-1428 жж.) ойраттар мен моғол бектерінің арасында шиеленіс күшейе түсті. Шабуылдардың басты себебі, ойраттардың саяси, стратегиялық, сауда жағынан маңызды Турфан және Хами жерлеріне көз тігу еді. Ақыр соңында Уайс хан өзінің ставкасын Шығыс Түркістанна Жетісуға ауыстырып, ойрат билеушілерімен туыстық қатынас орнатады [6, 86-87 бб.].

XIV- XV ғғ. Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихында моңғол шапқыншылығының ауыр зардаптары уақыт өте келе бірігініп жойыла бастады. Шаруашылық, қиратылған қалаларды, сауда жүйесі қайта қалпына келтіріле бастады. Түрік ақсүйектерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы нығая бастады. Бұнымен қоса, моңғол иеліктері - Шағатай ұлысы, Алтын Орда және басқа иеліктері бірқатар тәуелсіз мемлекеттерге ыдырай бастады.

Дешті Қыпшақтың саяси картасында жаңа Ақ Орда мемлекеті бой көтерген болатын. XIII-XV ғ. басында Шығыс Дешті Қыпшақ жерінде Ақ Орда - моңғол шапқыншылығынан кейін Қазақстан жерінде пайда болған бірінші ірі мемлекет. Ақ Орданың негізін қалаушы – Жошының үлкен баласы Орда Ежен (1226-1280 жж.). Рашид әд-Диннің жазуына қарағанда (XIV ғ.), Жошы ұлысының шығыс бөлігін (сол қанатын) әкесінің көзі тірісінде Жошының үлкен ұлы Орда Ежен алады. Әбілғазының айтуынша (XVII ғ.) осынау жерді оған інісі Батухан XIII ғ. орта кезінде бөліп береді. Орданың мирасқорлары іс жүзінде дербес билеушілер болды. XIV ғ. 2-ші жартысында Алтын Орда билігі әлсіреп, Ақ Орда күшейіп, дамудың ең жоғары сатысына жетті. Территориясы: батысында Жайық өзенінен шығыста Ертіс өзеніне дейінгі, оңтүстікте Сырдария алқабы, Арал теңізінің солтүстік-шығысынан солтүстікте Оңтүстік Сібір ормандарына дейінгі жерлер. Астанасы – Сығанақ (Сырдарияның орта ағысы). Халқы – түрік тілді тайпалар[7].

XIV- XV ғғ. деректемелерде Жайық өзенінен Батыс Сібір ойпатына дейінгі Қазақстан даласының Сырдарияның төменгі және орта ағысын қоса алғандағы аумақ, Орда Ежен мен Шайбан ұлыстарының жері Ақ Орда деп түсінілген.

XV ғ. басында Ақ Ордадағы орталық билік Жошының ұлы Шайбан ұрпақтарына өтен болатын. 1428 ж. Әбілқайыр таққа ортырған соң, мемлекет "Өзбек ұлысы", тарихи шығармаларда "Көшпелі өзбектер ұлысы" деп атала бастады.

Ойраттардың Орта Азия және Қазақстан билеушілермен алғашқы байланыстары XIV ғ. жатады. Деректерде Дешті Қыпшақ, Кавказ, Орыс жерлеріне жорықтан келген Әмір Темір 1397 жылы Ақташ деген жерде ойрат елшілерін қабылдағаны жөнінде айтылады [8, 145 б.]. Т.И. Сұлтановтың "Кочевые племена Приаралья в XV- XVII вв." еңбегінде келтірілген фактілер бойынша ойрат әскерлері Ақ Орда билеушілерінің Орта Азияға жасаған жорықтарына қатысқан [9, 8-11 б.]. Алайда, Өзбек ұлысының қуаты артуы және Әбілқайырдың Қазақстан мен Орта Азияның бірқатар аумақтарын жаулап алуы, оның Моғолстандағы болып жатқан оқиғаларға араласуы ойраттар мен Әбілқайырдың арасындағы қақтығыстарға алып келді. Сондай қақтығыстардың бірі 1457 жылы Сығанақ қаласының маңындағы Нұр-Тұқай деген жерде болған болатын. Ойрат ханы Өзтемір Әбілқайыр әскеріне ойсырата соққы берді [10, 16 8]. Ясы, Ташкент қалаларын және олардың маңындағы аумақтарды тонап, ойраттар Әбілқайырдың үш жастағы немересін тұтқынға алып кетеді. Әбілқайыр сондықтан ойраттардың билігін мойындауға мәжбүр болады. Бұл туралы кеңестік шығыстанушы Б.А. Ахмедов былай деп жазады: "молодой султан согласно мирному договору, заключенному между калымками и узбеками, был увезен в залог (аманат) и Абул-Хайр-хан вынужден был признать тогда верховную власть калмыцкого тайши" [11, 71 б.].

Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихында моңғол шапқыншылығының ауыр зардаптары уақыт өте келе бірігініп жойыла бастады. Шаруашылық, қиратылған қалаларды, сауда жүйесі қайта қалпына келтіріле бастады. Түрік ақсүйектерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы нығая бастады. Бұнымен қоса, моңғол иеліктері - Шағатай ұлысы, Алтын Орда және басқа иеліктері бірқатар тәуелсіз мемлекеттерге ыдырай бастады.

Жайық өзенінен Батыс Сібір ойпатына дейінгі Қазақстан даласының Сырдарияның төменгі және орта ағысын қоса алғандағы аумақ, Орда Ежен мен Шайбан ұлыстарының жері Ақ Орда деп түсінілген

Әбілқайырдың жеңілгенін пайдаланған оның қарсыластары Ақ Орда билеушісі Орыс ханның ұрпақтары Керей мен Жәнібек сұлтандар Әбілхайыр хан үстемдігіне қарсы күрескен, алым-салықтар мен соғыстан шаршаған тайпаларды бастап шығыс Дешті-Қыпшақтан батыс Жетісу жеріндегі Шу мен Талас өңіріне қоныс аударады. Ол кезде Жетісуді билеген Моғолстан ханы Есенбұға (1434—1462-жылдары билік еткен) қоныс аударған қазақтарды Әбілхайырға, ойраттар мен темір ұрпақтарына қарсы пайдалану үшін қарсы алып, қоныс берді. Жетісу жеріне қоныстанған өзбектер, өзбек-қазақтар, кейін қазақ деген атауға ие болып, дербес мемлекеттік бірлестік - Қазақ хандығын құрады. Қазақ хандығының құрылуы мен қазақ халқының қалыптасауы XIV- XV ғғ. Қазақстан аумағындағы әлеуметтік-экономикалық және этносаяси процесстердің заңды түрдегі қорытындысы болып табылды.

Қазақ хандығының этникалық негізін Керей мен Жәнібек сұлтандармен еріп келген қыпшақ, арғын, қоңырат және сонымен қатар Жетісудың автохонды тайпалары - қаңлы, үйсін, жалайыр, керейіт тайпалары құрады. 60жылдардың аяғы 70-жылдардың басында Әбілқайыр өлегеннен кейін мемлекетін бүліктер мен талас-тартыс жайлап алған Орталық және Оңтүстік Қазақстаннан қашып келген көшпелілер есебінен Жәнібек пен Керейге бағынатын этникалық топтарының саны ұлғайды.

Шығыс Дешті Қыпшақтың далалық аудандары мен Оңтүстік Қазақстан қала орталықтарында үстемдік ету жолындағы күрес XV ғ. 70-80 жж. Жәнібек пен Керей хандар мен олардың мирасқоры Бұрындық ханның іс қиымдарының негізгі бағыты болды. Бірнеше онжылдықтардан кейін Қазақ хандығы қуатты көшпелі мемлекетке айналды. Бұрындық (1480-1511) және Қасым (1511-1518/1523) хандар көршілес жерлерді бейбіт жолмен қосып алу арқылы, Орталық және Оңтүстік Қазақстан аудандары мен Орта Азияның солтүстік аймақтарына жаулаушылық жорықтар жасау нәтижесінде өз иеліктерін едәуір кеңейткен болатын. Қазақтар Жетісу жерінде өз мемлекетін нығайтып, моғолдары ығыстыра бастады. 1514 ж. Моғолстан билеушісі Сұлтан- Саид -хан өз ставкасын Жаркент жеріне көшірді.

Моғолстан билеушісі Есенбұға Керей мен Жәнібекті Жетісу жеріне құшақ жая қарсы алуының бір себебі ойраттарға қарсы күресте пайдалануды көздеген болатын. Қазақ хандарының XVI ғ. сыртқы саясатының басты бағыты өз аумақтарын кеңейту мақсатында шайбандармен, моғолдармен ноғайлармен күрес жүргізу керек болды. Бұл туралы зерттеуші М.Х. Абусейтова да былай деп жазады: "Однако главным направлением внешней политики первых казахских ханов XVI в. была борьба за расширение территории своего ханства с шейбанидами, могулами, ногайцами"[12, 38 б.]. XVI ғ. екінші жартысында Ноғай Ордасы бірнеше дербес иеліктерге ыдырап кетті.

Қазақ хандығының туыстас көшпелі тайпалардың келуінен халқының саны артып, алғашқы хандарының өз иеліктерін кеңейту мақсатында белсенді сыртқы саясат жүргізуінің арқасында Қазақ хандығының тез нығаюы ойраттармен қақтығысқа түспеуі мүмкін емес еді. Қазақтар мен ойраттар арасындағы алғашқы әскери қақтығыстар туралы түрік тарихшысы Сейфи Челеби өзінің «Тарих» атты шығармасында былай деп жазады: "По ту сторону от страны Кашгар обитает анрод называемый казахами. У них нет ни городов, ни селений. Это кочевой народ. Их двести тысяч кибиток. Их хана зовут Теввекель. Они (однажды) ограбили какую-то местность страны калмаков и вернулись обратно. Ойратские феодалы организовали погоню, которая преследовало Теввекеля вплоть до Ташкента. Казахский султан обратился к правителю Ташкента Борак-хану с просьбой оказать помощь в отпоре в неприятелю, но тот ответил отказом. События эти имели в период между 1551-1556 гг. "[13, 16 б.]. В.В. Бартольдтың пікірінше, Тәуекел ойрат қоныстарына жорығы 1552 ж. болған [6, 96 б.]. Бұл кезеңде Қазақ хандығына ойрат феодалдары тарапынан қысым күшейе түскен еді.

Хакназар хан тұсында (1538-1580 жж.) мемлекеттіліктің нығайа түсуі нәтижесінде қазақтар ойраттардың батысқа жылжуын тоқтатқан болатын. Ол туралы XVI ғ. 70-жылдарында Ноғай ұлысында болған орыс елшісі Данила Губин жазбаларында кездеседі [4, 309 б.]. Ойраттардың қазақ - қырғыз көршілерінің өзара қарым-қатынасының тарихы ғасырларға созылып жатыр. Олардың Моңғолия мен Оңтүстік Сібірдің таулы аудандарында бірге тұрған уақытымен дәлме-дәл келеді.

Осылайша, ойраттар мен қазақ халқының арасында алғашқы байланыстар , ең алдымен, әскери және саяси байланыстар саласында жүзеге асқан болатын. XV-XVI ғғ. ойрат феодалдарының Қазақстан мен Орта Азия аумақтарына шабуылдары отырықшы және көшпелі халықты тонау, олжаға кенелу мақсатында болған еді. К.А. Пищулина атап өткендей, ойрат әскерлерінің Орта Азия мен Қазақстан жеріне басып кіруінің басты себебі жер жетіспеушілігі, жайылым таршылығы емес, олардың байлыққа кенелу еді [14, 119 б.]. Қорыта айтатын болсақ, қазақтар мен жоңғарлардың арасындағы алғашқы байланыстар әскери қақтығыстар нәтижесінде жүзеге асқан болатын.

**Пайдаланған әдебиеттер**

1. Авеляев Г.О., Санчилов В.П. К вопросу о происхождении торгоутов в составе средневековых ойратов Джунгарии// Проблемы этногенезов калмыков. Элиста, 1984. С44.
2. Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи. - Алма-ата, 1991. - 238 С.
- 3 Бичурин Н.Я. Историческое обозрение ойратов или калмыков с XV столтия до настоящего времени. Спб, 1834. С. 21-22.//<http://drevlit.ru/docs/kitay/Bicurin/Oirat/pred.php>
4. Златкин И.Я. История Джунгарского ханства. - М., 1983. С.169
5. Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV - начале XVI вв.- Алма-Ата, 1977. С.112.
6. Бартольд В.В. «Очерки истории Семиречья. - Фрунзе. 1943. -104 с.//[https://pretich.ru/downloads/bartold\\_history\\_semirec\\_1943.pdf](https://pretich.ru/downloads/bartold_history_semirec_1943.pdf)
7. Ақ Орда. Тольғырақ: <https://massaget.kz/layfstayl/bilim/gumanitarly-ylymdar/318>
8. Шараф ад- Дин Йезди. Зафар-наме (Книга побед)// Материалы по истории киргизов и Киргизии. - М., 1973. Вып. 1 С. 145.
9. Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв.: Вопросы этнической и социальной истории. -М., 1982. С. 8-11.
10. Масуд бен Кухистани. Тарих -и Абу-л-Хайр-хани / Пер. С.К. Ибрагимова - Алмат-ата., 1969. С. 168-170
11. Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков - М., 1965. С. 180.
12. Абусейтова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. Алма-Ата: Издательство «Наука» Казахской ССР, 1985. 104 с.
13. Санчилов В.П. Калмаки в "Истории" турецкого автора XVI в. Сейфи Челеби. // Малоисследованные источники по истории дореволюционной Калмыкии. Элиста. 1987. С. 16.
14. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV — начале XVI веков (Вопросы политической и социально-экономической истории) / К. А.Пищулина. - Изд-во Наука Казахской ССР, 1977. - 286 с.

**РАЗВИТИЕ ИСТОРИЧЕСКОЙ НАУКИ В КАЗАХСТАНЕ (1950-е – НАЧ.1990-х гг.):  
КРАТКИЙ ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ЭКСКУРС**

**Саққулақова Ф.Д.**, магистрант

(Научный руководитель: к.и.н., доцент **Шотбақова Л.К.**)

Қарағандинский университет имени академика Е.А. Букетова  
Қарағанда, Қазақстан

Одной из актуальных и интересных тем, находящихся в поле зрения современной отечественной исторической науки, является изучение процесса становления и развития исторического образования в Казахстане. Систематизация аспектов исторического образования в советский период требует обращения, в первую очередь, к историографии вопроса, в частности, к истории становления и развития собственно исторической науки, о чем и пойдет речь в данной статье.

В 1920-е - 1930-е годы исследования по обозначенной теме практически не велись. В 1940-1950-е годы история развития исторического образования рассматривалась, как правило, во взаимосвязи с проблемами социалистического строительства, в целом. Жесткая идеологизация науки отразилась и на работах по истории, в том числе, по истории исторического образования. Единственной методологией, признаваемой в советской исторической науке, была методология марксизма, которая служила методологическим, теоретическим обоснованием всех научных исследований.

К позитивным моментам в развитии исторического образования можно отнести усилия по систематизации исторических сведений о Казахстане в дореволюционную эпоху. Также в конце 1950-х годов выходит ряд работ, в которых дается критика зарубежной литературы.

Серьезные предпосылки для развития советской исторической науки, которые предполагали усиление теоретических изысканий, были созданы решениями XX съезда КПСС, на котором была дана, в частности, оценка культа личности И.В. Сталина.

Значительным вкладом в дальнейшее развитие исторических знаний, обобщение и систематизацию истории Казахстана послужило двухтомное издание «История Казахской ССР», изданное в 1956 – 1959-х годах. В первом томе была дана широкая панорама развития Казахстана на протяжении нескольких веков, определены исторические периоды, особое внимание было уделено описанию периода присоединения Казахстана к России, истории национально-освободительной